

ЖЕКЕЛЕНГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ ШАРТТАРЫ

«ГРАФИКАЛЫҚ АДАПТЕРІ БАР ВИРТУАЛДЫ ЕСЕПТЕУ ОРТАСЫ» ҚЫЗМЕТІ

10.09.2025 ж. нұсқасы

10.09.2025 ж. бастап күшіне енеді

Осы жекелеген сервистерді пайдалану шарттары («Шарттар») Пайдаланушы келісімінің («Келісім») ажырамас бөлігі болып табылады.

1. МӘНІ

- 1.1. Орындаушы Тапсырыс берушіге графикалық адаптері бар Виртуалды есептеу ортасына (бұдан әрі – "Есептеу ортасы") қол жеткізу қызметтерін ұсынады. Тапсырыс берушінің иелігіне Орындаушының немесе Тапсырыс берушінің техникалық алаңында орналастырылған инфрақұрылым ресурстарының бір бөлігі беріледі (бұдан әрі – "Қызмет"). Тапсырыс беруші Қызметті қабылдайды және Орындаушыға ақы төлейді.

2. ЕСЕПТЕУ ОРТАСЫНЫҢ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

- 2.1. Есептеу ортасының сипаттамасы:
 - 2.1.1. Есептеу ортасы — бұл Тапсырыс берушінің Орындаушы инфрақұрылымында орналасқан, графикалық адаптері бар Виртуалды серверге қол жеткізу қызметі, ол елеулі графикалық ресурстарды қажет ететін тапсырмаларды орындауға арналған.
 - 2.1.2. Осы ортадағы Виртуалды серверлер 3D-рендеринг, графикалық өңдеу, машиналық оқыту және жоғары есептеу қуатын қажет ететін басқа да ресурсқа бейімделген процестерді қолдауға арналған графикалық адаптерлермен жабдықталуы мүмкін.
 - 2.1.3. Есептеу ортасы Тапсырыс берушінің таңдауына қарай әртүрлі операциялық жүйелерді, соның ішінде графикалық қосымшалармен және терең оқыту тапсырмаларымен жұмыс істеуге оңтайландырылған операциялық жүйелерді қолдануға мүмкіндік береді.

3. ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНУ ТӘРТІБІ

- 3.1. Тапсырыс беруші Қызметті Жеке кабинет арқылы немесе келесі тәсілдердің бірімен Орындаушыға өтінім беру арқылы рәсімдей алады: телефон, веб-сайт, электрондық пошта немесе мессенджер арқылы.
- 3.2. Қызмет көрсету, осы Шарттардың 3.1-тармағында көрсетілген талаптар орындалғаннан кейін, Жеке кабинетте Қызмет жасалған сәттен басталады.
- 3.3. Тапсырыс беруші Есептеу ортасының конфигурациясын және қажетті ресурстарды өздігінен таңдайды, тек Тапсырыс берушінің талаптарын техникалық мүмкіндіктердің шектеулігіне байланысты орындау мүмкін болмаған жағдайларды қоспағанда.

- 3.4. Виртуалды серверлердің интернет желісіне қолжетімділігі арнайы бөлінген жария IP-мекенжайлары арқылы қамтамасыз етіледі.
- 3.5. Орындаушы Тапсырыс берушіге преискурантқа сәйкес төлем жүргізілгеннен кейін жария IP-мекенжайларды пайдалануға рұқсат беруі мүмкін
- 3.6. Тапсырыс беруші Есептеу ортасын өз бетінше басқарады, оған қашықтан қол жеткізу арқылы. Сондай-ақ, Тапсырыс беруші қажетті бағдарламалық жасақтаманы өзі орнатып, баптайды.
- 3.7. Тапсырыс берушіге есептеу ортасын келесі мақсаттарда пайдалануға тыйым салынады: криптовалюталарды «өндіру» секілді таратыла есептеулер жүйесін немесе олардың компоненттерін орналастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын және реттеуші органдардың талаптарын бұзатын кез келген жүйелер мен сервистерді пайдалану.
- 3.8. Тестілеу кезеңі
 - 3.8.1. Қызмет Тапсырыс берушіге тестілеу кезеңі шарттарымен ұсынылуы мүмкін, ұзақтығы 3 (үш) күнтізбелік күн немесе Орындаушы белгілеген өзге мерзім болуы мүмкін. Бұл мерзім Қызметті Жеке кабинетте алғаш рет іске қосқан сәттен бастап есептеледі.
 - 3.8.2. Тестілеу кезеңін ұсыну туралы шешімді Орындаушы Тапсырыс берушінің өтінімі негізінде және тестілеу мүмкіндігін бағалағаннан кейін қабылдайды. Орындаушы тестілеу кезеңін ұсынудан бас тартуға құқылы және бас тарту себептерін түсіндіруге міндетті емес.
 - 3.8.3. Тестілеу кезеңін белсендіру үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға келесі тәсілдердің бірімен өтінім беруі қажет: Жеке кабинет арқылы, Орындаушының ресми веб-сайты арқылы, электрондық пошта арқылы немесе Орындаушы көрсеткен басқа жолмен.
 - 3.8.4. Тестілеу кезеңі барысында Тапсырыс беруші Қызметті Орындаушы белгілеген көлемде ақысыз пайдалана алады.
 - 3.8.5. Тестілеу кезеңі тек бір рет және тек осы Қызметті бұрын пайдаланбаған жаңа Тапсырыс берушілерге ғана ұсынылады. Бұрын осы Қызметті пайдаланып көрген Тапсырыс берушілерге тестілеу кезеңін қайта пайдалану құқығы берілмейді.
 - 3.8.6. Тестілеу кезеңі аяқталғаннан кейін, егер Тапсырыс беруші Қызметті Жеке кабинет арқылы өшірмесе, оны пайдалану автоматты түрде Орындаушының бағалар тізбесіне сәйкес ақылы негізге ауысады. Тапсырыс беруші тестілеу кезеңінің аяқталуын өзі бақылап, Қызметті әрі қарай пайдаланғысы келмеген жағдайда, оны уақтылы өшіруге міндетті.

4. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- 4.1. Қызметтердің жұмыс істеу қабілеттілігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жауапкершілік Орындаушы мен Тапсырыс беруші арасында келесідей бөлінеді:
 - Деректер – Тапсырыс беруші

- Қолданбалар – Тапсырыс беруші
- Байланыстырушы бағдарламалық жасақтама – Тапсырыс беруші
- Операциялық жүйе – Тапсырыс беруші
- Виртуализация платформасы – Орындаушы
- Аппараттық платформа – Орындаушы
- Желілік инфрақұрылым – Орындаушы

5. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ДЕҢГЕЙІ (SLA)

- 5.1. Орындаушы осы Келісімге сәйкес бөлінген есептеу ресурстарының есепті кезеңдегі қолжетімділігін (SLA) 99,9 % деңгейінде қамтамасыз етеді, бірақ Тапсырыс берушіге монополиялық пайдалануға берілген аппараттық жабдықтың істен шығу жағдайларын қоспағанда, мұндай жағдайда Қызметті қалпына келтіруге арналған рұқсат етілген уақыт Тапсырыс берушінің өтінішінен кейін төмендегідей:

Қызметті қалпына келтіру тәсілі	Қалпына келтіру уақыты
Физикалық қайта жүктеу, желілік интерфейстер мен элементтерді логикалық түрде өшіру/қосу.	45 минут
Диагностика, ақауларды жою, жабдықтың бөлшектерін және элементтерін ауыстыру.	8 сағат

- 5.2. Жоғарыда көрсетілген қызмет көрсету деңгейі (SLA) бұзылған жағдайда, Тапсырыс берушіге келесі мөлшерде өтемақы төленеді — есепті кезеңдегі бөлінген есептеу ресурстарын жалға алу құнының мынадай пайыздары мөлшерінде, бұзушылық орын алған сәттегі жағдай бойынша:

Жалпы қолжетімділік уақыты	Өтемақы мөлшері
99,9%-дан жоғары	0%
99,9%-дан төмен, бірақ 99,0%-дан жоғары	5%
99,0%-дан төмен, бірақ 95%-дан жоғары	10%
95,0%-дан төмен	15%

- 5.3. SLA шеңберіндегі өтемақы ешқандай жағдайда Тапсырыс берушінің Қызметті пайдаланғаны үшін бір ай ішінде төлеген сома көлемінен асып кетпеуі тиіс.
- 5.4. Жоспарлы жөндеу жұмыстарына байланысты Қызметтің қолжетімсіздігі өтемақыға жатпайды.

- 5.5. Орындаушының кінәсінен орын алмаған форс-мажорлық және басқа да мән-жайлар салдарынан болған тоқтап қалу өтемақыға жатпайды. Тапсырыс берушінің әрекетінен (әрекетсіздігінен) туындаған бос уақыт өтеуге жатпайды.
- 5.6. Қызметтің қолжетімсіздігі (тоқтап қалуы) деп Орындаушының ішкі деректері негізінде тіркелген уақыт аралығы және/немесе Тапсырыс беруші Қызметтің қолжетімсіздігі туралы Орындаушыға ресми Telegram-боты арқылы (барлық өтініштер Орындаушының CRM жүйесінде автоматты түрде тіркеледі): @PRO_DATA_Support_Bot немесе келесі телефон нөмірі арқылы: +7 (747) 507 3022 хабарлама жіберген сәттен бастап, бұл факт Орындаушы тарапынан расталған және қалпына келтіру жұмыстары аяқталғаннан кейін Қызметтің жұмысы қайта басталған сәтке дейінгі уақыт аралығы болып түсініледі.
- 5.7. Берілген Өтемақы – бұл Орындаушы өтемақы есебін жүргізген Есепті кезеңдегі Қызметтер құнын төмендететін жеңілдік ретінде болып танылады және өзге мақсаттарда пайдаланылмайды. Өтемақы беру Тапсырыс берушіге ақшалай қаражат төлеуді көздемейді.
- 5.8. Егер Тапсырыс берушінің ақпараты немесе контенті Орындаушының кінәсінен болған апат салдарынан жоғалса және/немесе бүлінсе, Тапсырыс берушінің талабы бойынша, көрсетілген жоғалту және/немесе бүліну орын алған есепті кезеңдегі тұтынылған қызметтер құнының 50%-ы мөлшерінде өтемақы беріледі.
- 5.9. Орындаушы өз Қызметтері мен Жұмыстарын (толық немесе ішінара) пайдалану немесе пайдаланбау кезеңінде Тапсырыс беруші шеккен болжалды пайдадан айырылуына және кез келген жанама залалдарға жауапты болмайды.
- 5.10. Орындаушы өз Қызметтері мен Жұмыстарын (толық немесе ішінара) пайдалану немесе пайдаланбау нәтижесінде Тапсырыс берушіге келтірілген залал үшін тек Орындаушының кінәсі дәлелденген жағдайда ғана және тұрып қалу кезеңіндегі абоненттік төлемнің үлесіне пропорционалды мөлшерде жауап береді.